

# Әлем және Қазақстандағы тыңайтқыштар мен пестицидтер

Нарыққа шолу, инвестициялық жобалар, жетекші өндірушілер және АХҚО мен Гарвардтың өсу зертханасының Экономикалық күрделілік есебі нәтижелері

2024 жылғы наурыз

# ДИСКЛЕЙМЕР

«Әлем және Қазақстандағы тыңайтқыштар мен пестицидтер» шолуы («Шолу») тек ақпараттық мақсатта жасалған және құқықтық, қаржылық немесе кәсіби кеңес болып саналмайды. Осы Шолуда қамтылған ақпарат оның дәлдігіне, толықтығына немесе сенімділігіне қатысты ешқандай кепілдіктер әрі мәлімдемелерсіз «сол қалпында» деген шартпен берілген.

Шолу аталған тыңайтқыштар мен пестицидтер өндірушілеріне арналған жарнама немесе жарнамалық құрал болып табылмайды.

Шолудың мазмұнында ескертусіз өзгеруі мүмкін пікірлер, болжамдар немесе болашаққа қатысты мәлімдемелер болуы мүмкін. Онда қамтылған ақпаратты пайдаланудың тәуекелі толығымен өзіңізге жүктеледі. Біз сіздің немесе кез келген басқа тараптың ақпаратты пайдалануынан туындайтын кез келген салдар немесе жауапкершілік үшін жауапкершіліктен бас тартамыз.

Бұл Шолу қосымша ақпарат немесе контекст үшін сыртқы көздерге немесе үшінші тарап веб-сайттарына сілтеме ретінде пайдаланыла алады. Дегенмен, біз үшінші тарап веб-сайттарының мазмұнын мақұлдамаймыз немесе бақыламаймыз және мұндай веб-сайттардың дәлдігі, заңдылығы әрі мазмұны үшін жауап бермейміз.

Шолудағы ешнәрсе оқырман мен ұйымымыз арасында клиенттік қарым-қатынас жасау ретінде түсіндірілмеуі керек. Егер сізге заң, қаржылық немесе кәсіби кеңес қажет болса, нақты жағдайларыңызға байланысты арнайы кеңес бере алатын білікті маманмен кеңесу керектігін ескереміз.

Біз кез келген мақсат үшін осы Шолуда қамтылған ақпараттың жарамдылығына, сенімділігіне, қолжетімділігіне, уақтылылығына немесе дәлдігіне қатысты ешқандай мәлімдеме немесе кепілдік бермейміз. Біз осы Шолуды пайдалану немесе пайдалану мүмкін еместігінен туындайтын тікелей, жанама, кездейсоқ, арнайы, салдарлы залал үшін жауапты емеспіз.

Қазақ және орыс тілдеріндегі аудармалар мен ағылшын тіліндегі мәтін арасында қайшылықтар болған жағдайда, соңғысы басымдыққа ие болады.

Біз осы Шолуды кез келген уақытта алдын ала ескертусіз өзгерту немесе жаңарту құқығын сақтаймыз.

# МАЗМҰНЫ

## 1 ТҮЙІН

### КІРІСПЕ

- Тыңайтқыштар мен пестицидтерге кіріспе
- Әлемдік агрохимия нарығы
- Сын-қатерлер, бағалар және соңғы өзгерістер

### ТЫҢАЙТҚЫШТАР: ӘЛЕМДІК НАРЫҚҚА ШОЛУ

- Классификация және өндірістің ерекшелігі
- Тыңайтқыштарға сұраныс пен ұсыныс балансы
- Негізгі әлемдік өндірушілер
- Негізгі әлемдік тұтынушылар
- Тыңайтқыштардың экспорты мен импорты
- Болжам: Аймақтық әлеует
- Болжам: Әлемдік қуат және тұтыну
- Болжам: Аймақ бойынша тұтыну

## 3

## 4

### ТЫҢАЙТҚЫШТАР: ҚАЗАҚСТАН НАРЫҒЫНА ШОЛУ

- Тыңайтқыштарды тұтыну және субсидиялар
- Бір гектар негізінде тыңайтқышты тұтыну
- Өндіріс және инвестициялық жобалар
- Сауда балансы мен құрылымы

## 5


### ПЕСТИЦИДТЕР: ӘЛЕМДІК НАРЫҚҚА ШОЛУ

- Әлемдік экспорттаушылар мен импорттаушылар
- Ауыл шаруашылығында пестицидтерді тұтыну
- Өңірлер бойынша пестицидтерді тұтыну
- Елдер бойынша пестицидтерді тұтыну

## 6

### ПЕСТИЦИДТЕР: ҚАЗАҚСТАН НАРЫҒЫНА ШОЛУ

- Пестицидтерді тұтыну және субсидиялар
- Қазақстанның сауда балансы



АХҚО мен Гарвардтың өсу зертханасының Экономикалық күрделілік есебінің мәліметтері бойынша Қазақстан азот пен аралас тыңайтқыштар және пестицидтер экспортында бәсекелестік басымдыққа ие. Оларды бағалаудың егжей-тегжейлерін осы шолудың Қосымшасынан табуға болады.

Бұл презентацияда тыңайтқыштар мен пестицидтердің әлемдік және қазақстандық нарықтарына шолу жасалады.

## ТЫҢАЙТҚЫШТАР

### ӘЛЕМДІК НАРЫҚ ЖӘНЕ ТРЕНДТЕР

- Әлемдік тыңайтқыштар өндірісі жалпы және әрбір қоректік заттарға (азот, фосфор, калий) сұраныстан асып түседі.
- Азот тыңайтқыштарын өндіруде жалпы **әлемдік нарықтың 57%** құрап, **Қытай, Үндістан, АҚШ** және **Ресей** басым болып табылады.
- Фосфатты тыңайтқыштар өндірісі әлемдік өндірістің **73%** үлесімен **Қытайда, АҚШ-та, Үндістанда, Мароккода** және **Ресейде** шоғырланған.
- Калий тыңайтқыштарын өндіру **Канадада, Ресейде** және **Беларусьте** шоғырланған, олардың үлесіне **әлемдік өндірістің 68%**-дан астамы келеді.
- Азот және аралас тыңайтқыштар **әлемдік импорттың** шамамен **80%** құрайды.
- Әлемдегі ең ірі тұтынушы Қытайдың тұтынуының **97%** ішкі өндіріспен қамтылады.
- Бразилияның (әлемдік үшінші тұтынушы) тұтынуының **65%** импортпен қамтылады.
- Орта мерзімді перспективада тыңайтқыштарды тұтынудың әлемдік өсімі **2023** жылғы **4%**-дан (ішінара қалпына келтіру) **2027** жылы **1,2%**-ға дейін баяулайды деп күтілуде.
- Климаттың өзгеруі жағдайында әлемдік тыңайтқыштарды тұтыну **тиімділігі жоғары тыңайтқыштарға** қарай жылжуда.

### ҚАЗАҚСТАН

- Қазақстан азоттық әрі аралас тыңайтқыштардың неттоимпорттаушысы бола отырып, жалпы **тыңайтқыштардың неттоимпорттаушысы** болып табылады.
- **«Қазфосфат»** пен **«ҚазАзот»** - еліміздегі тыңайтқыштардың негізгі өндірушілері және олардың жиынтық үлесі **96%** құрайды.
- Қазақстанның экспорты көршілес елдерде шоғырланған: **Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан** және т.б.
- 2022 жылы тыңайтқыштардың орташа импорттық бағасы (азотты тыңайтқыштарды қоспағанда) қазақстандық тыңайтқыштардың орташа экспорттық бағасынан асып түсті.
- Қазақстанда тыңайтқыш тұтыну айтарлықтай артып, 2021 жылы **313 мың тоннаға** жетті. Дегенмен, тыңайтқышты тұтыну кг/га негізінде басқа елдермен салыстырғанда төмен болып қалуда, 2021 жылы **4,4 кг/га** құрады.

## ПЕСТИЦИДТЕР

### ӘЛЕМДІК НАРЫҚ ЖӘНЕ ТРЕНДТЕР

- Пестицидтерді өндіру және пайдалану олардың қоршаған ортаға және адам денсаулығына әсеріне байланысты жоғары деңгейде реттеледі.
- Дамыған елдер қатаң саясаттың арқасында инсектицидтерді қолданудың ең төменгі үлесіне ие.
- Жетекші әлемдік тұтынушылар: **Солтүстік және Оңтүстік Америка (51%)** және **Азия (28%)**.
- Жетекші әлемдік экспорттаушылар: Қытай, АҚШ, Германия, Франция және Үндістан (**әлемдік экспорттың 60%**).
- Жетекші әлемдік импорттаушылар: Бразилия, АҚШ, Франция, Канада және Германия (**әлемдік импорттың 30%**).
- Әлемнің жетекші өндірістік компаниялары **Германияда, АҚШ-та, Үндістанда** және **Қытайда** орналасқан.

### ҚАЗАҚСТАН

- Қазақстан **пестицидтерді таза импорттаушы** болып табылады.
- Пестицидтер импортының **47%-ы** Ресейден, одан кейін **28%-бен** Қытайдан келеді.
- Азғантай экспорт **Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей** сияқты көрші елдерге бағытталған.
- Пестицидтерді экспорттаушылар негізінен **Солтүстік Қазақстан** және **Қарағанды облыстары** сияқты астық өндіруші аймақтарда, сондай-ақ **Алматы облысында** орналасқан.
- Қазақстанда пестицидтерді тұтынудың **85% гербицидтерден** келеді.

**КІРІСПЕ:**

**ТЫҢДАЙТҚЫШТАР МЕН ПЕСТИЦИДТЕР**



# ТЫҢАЙТҚЫШТАР МЕН ПЕСТИЦИДТЕРГЕ КІРІСПЕ



ЕГІС

## ТЫҢАЙТҚЫШТАР МЕН ПЕСТИЦИДТЕРДІ ҚОЛДАНУ



## ЕГІН ЖИНАУ



Ақпарат көзі: [freepik.com](https://www.freepik.com), [freepik.com](https://www.freepik.com), [doraagri.com](https://www.doraagri.com)

**ТЫҢАЙТҚЫШ** – егіншілік пен бау-бақша шаруашылығында топырақ өнімділігін арттыру және өсімдіктердің өсуін көбейту үшін қолданылатын зат.

### Түрлері:

- Органикалық тыңайтқыштар жануарлардан алынатын өнімдер мен өсімдік қалдықтарынан жасалады.
- Бейорганикалық тыңайтқыштар химиялық заттардан жасалады.

### Бейорганикалық тыңайтқыштардың категориялары:

- Тікелей әсер ететін тыңайтқыштар тек бір негізгі қоректік заттан тұрады.
- Кешенді тыңайтқыштар – жеке түйіршіктердің құрамдас бөліктері арасындағы химиялық реакциялар нәтижесінде алынатын көп қоректік тыңайтқыштар.
- Аралас тыңайтқыштар түйіршіктерден немесе әртүрлі бір қоректік тыңайтқыштардың қоспаларынан (қарапайым тыңайтқыштар қоспасынан) тұрады. Жеке түйіршіктерде әлі де тек бір қоректік зат бар.

**Негізгі қоректік заттар:** азот (N), фосфор (P) и калий (K).

Ақпарат көзі: [agrotexglobal.com](https://www.agrotexglobal.com)

**ПЕСТИЦИДТЕР** – зиянкестерді, соның ішінде жәндіктерді, кеміргіштерді, саңырауқұлақтарды және қажетсіз өсімдіктерді (арамшөптерді) жою үшін қолданылатын химиялық қосылыстар.

### Түрлері:

- Инсектицидтер – жәндіктер
- Гербицидтер – арамшөптер
- Родентицидтер – кеміргіштер (егеуқұйрықтар мен тышқандар)
- Бактерицидтер – бактериялар
- Фунгицидтер – саңырауқұлақ

### Қолдану жолдары:

- Тұқымдарды өңдеу
- Топырақ өңдеу
- Қоймаларды дезинфекциялау
- Ағаштың зақымдануын емдеу
- Егін жинаудан кейінгі емдеу

Ақпарат көзі: [PPP 211: PESTICIDES AND METHODS OF APPLICATION](https://www.ppp211.org) ([iasri.res.in](https://iasri.res.in))

# ӘЛЕМДІК АГРОХИМИЯ НАРЫҒЫ

2028 жылға қарай  
агрохимикаттардың  
әлемдік нарығы

**\$282** млрд


2023-2028 жж.  
агрохимиялық  
өнімдердің әлемдік  
нарығының өсуі

**20%**

2023-2028 жж.  
әлемдік  
агрохимиялық  
нарықтың орташа  
жылдық өсу қарқыны

**3,7%**

## 2023 ЖӘНЕ 2028 ЖЖ. АГРОХИМИЯЛЫҚ ӨНІМДЕРДІҢ ӘЛЕМДІК НАРЫҒЫ (млрд АҚШ долл.)



Ескертпе: **Агрохимиялық өнімдер** – тыңайтқыштар мен пестицидтерді қамтитын ауылшаруашылық химикаттарының кең тобы.

## АГРОХИМИЯЛЫҚ ӨНІМДЕР, МҰНАЙ ЖӘНЕ МЫС НАРЫҚТАРЫН САЛЫСТЫРУ (млрд АҚШ долл.)



Ақпарат көзі: *MarketsandMarkets, Visual Capitalist*



# СЫН-ҚАТЕРЛЕР, БАҒАЛАР ЖӘНЕ СОҢҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

- IFA Market Intelligence Service мәліметтері бойынша тыңайтқыштардың бағасы 2022 жылдың екінші тоқсанында ең жоғары деңгейінен төмендеді, бұл қолжетімділікті арттырды. Дегенмен, төмен қолжетімділіктің салдары әлі де 2022 жылы сезілді, көптеген сатып алушылар тыңайтуды кешіктіруді немесе өткізіп жіберуді таңдады.

- **Сауда жолының өзгеруі: Ресей Балтық теңізі арқылы сауда жасауда**


Ресей Балтық теңізіндегі порттарынан құрғақ тыңайтқыштардың үлкен көлемін сәтті экспорттады.

- **Сауда жолының өзгеруі: Беларусь шығысқа экспорттауда**

Беларусьтен ЕО арқылы Балтық теңізіне калий тыңайтқыштарының транзиті қиындау. Оның орнына Беларусь калийінің экспорты Қытайға қайта бағытталды.

- Тыңайтқыштар халықаралық саудада өте сезімтал тауар болып табылады, өйткені олар ДСҰ мүшелері арасында көптеген тергеулер мен сауданы қорғау шараларының нысаны болып табылады.

## ТЫҢАЙТҚЫШТЫҢ БАҒАСЫ 2022 ЖЫЛҒЫ II ТОҚСАНДАҒЫ ШЕК ҚҰНЫНАН KEЙІН ТӨМЕНДЕДІ



Ақпарат көзі: IFA, Орта мерзімді тыңайтқыштардың болжамы 2023-2027

## 2023 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ДСҰ МҮШЕЛЕРІ ЕНГІЗГЕН ДЕМПИНГКЕ ҚАРСЫ 11 ШАРА БАР:

ДСҰ мүшесі	Экспорттаушы тарап	Өнім
Ұлыбритания	Ресей	Аммоний нитраты (N)
ЕО	Ресей (2), АҚШ, Тринидад және Тобаго	Аммоний нитраты (N)
Аустралия	Қытай, Швеция, Таиланд	Аммоний нитраты (N)
АҚШ	Қытай	Аммоний сульфаты (N)
Мексика	Қытай, АҚШ	Аммоний сульфаты (N)

Ақпарат көзі: ДСҰ Ескерту: Сауданы қорғау шаралары саяси санкциялар болып табылмайды.

# ТЫҢДАЙТҚЫШТАР: ӘЛЕМДІК НАРЫҚҚА ШОЛУ



# КЛАССИФИКАЦИЯ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

- Тыңайтқыштар үш негізгі қоректік заттар бойынша жіктеледі: **азот (N), фосфор (P)** және **калий (K)**.
- Аралас тыңайтқыштар осы қоректік заттардың комбинациясы (NPK кешені).
- Азот ең көп қолданылатын қоректік зат, оның жалпы тұтынуындағы үлесі 56%.
- Тыңайтқыштардың жалпы көлемінің 50%-дан астамы дәнді дақылдарды өндіруге жұмсалады.

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨСІМДЕР БОЙЫНША ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ ҚОЛДАНУ




### ҚОРЕКТІК ЗАТ

### ТҰТЫНУ

### ПАЙДАСЫ

### ҚОЛДАНУ


### САЛА ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ӨНДІРІС




Ақпарат көзі: *Fertilizer Industry Handbook 2022 (yara.com)*, *USDA Foreign Agricultural Services report, 2022*

# ТЫҢАЙТҚЫШТАРҒА СҰРАНЫС ПЕН ҰСЫНЫС БАЛАНСЫ

- Әлемдік тыңайтқыштардың өндірісі (2021 жылы 213 млн т) жалпы және әрбір қоректік заттарға (азот, фосфор, калий) **сұраныстан асып түседі.**
- Қоректік заттар бойынша әлемдік өндіріс пен тұтытуда азот басым болып келеді, одан кейін фосфор мен калий.




## ӘЛЕМДІК ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ ӨНДІРУ ЖӘНЕ ТҰТЫНУ (млн тонна)




Ақпарат көзі: FAOSTAT

## ӘЛЕМДІК ТЫҢАЙТҚЫШТАР ӨНДІРІСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ (млн тонна)



Ақпарат көзі: FAOSTAT

## ӘЛЕМДІК ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ ТҰТЫНУ ҚҰРЫЛЫМЫ (млн тонна)




Ақпарат көзі: FAOSTAT

# НЕГІЗГІ ӘЛЕМДІК ӨНДІРУШІЛЕР

- Нақты түрде **Қытай** әлемдегі ең ірі тыңайтқыш өндіруші ел, одан кейін **Ресей, Үндістан, АҚШ** және **Канада**. Бұл елдердің жалпы тыңайтқыш өндірісі 2021 жылы шамамен **128 млн тоннаны** құрады.
- Қытай, Үндістан, АҚШ және Ресей **азотты тыңайтқыштардың** әлемдік өндірісінің **57%** құрайды.
- **Фосфатты тыңайтқыштар** өндірісі әлемдік өндірістің **73%-ын** құрайтын Қытай, АҚШ, Үндістан, Марокко мен Ресейде шоғырланған.
- **Калий тыңайтқыштарын** өндіру Канадада, Ресейде және Беларусьте шоғырланған, бұл әлемдік өндірістің шамамен **68%-ын** құрайды.

## КЕЙБІР ІРІ ӨНДІРУШІЛЕРДІҢ ӨНДІРІС ҚУАТЫ

(млн тонна, 2020)




Ақпарат көзі:

Өндіріс қуаты: Statista, \*solenis.com.

Ескерту: Аммиак – азотты тыңайтқыштар тобы

## ӘЛЕМДІК ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ ТОП 10 ӨНДІРУШІСІ

(тонна, 2021)




## Фосфор (P)

48,3 млн тонна



## Калий (K)


46,6 млн тонна



Ақпарат көзі: FAOSTAT

# НЕГІЗГІ ӘЛЕМДІК ТҰТЫНУШЫЛАР

- **Қытай** – тыңайтқыштардың ең ірі тұтынушысы, ол әлемдік тыңайтқыш тұтынуының төрттен бір бөлігін құрайды.
- Тыңайтқыштардың тағы бір ірі өндірушісі **Үндістан** әлемдегі екінші тұтынушы саналады. Үндістанда тыңайтқыштарды қолданудың көп бөлігі Үндістан үкіметінің оны ірі көлемде субсидиялауымен байланысты.
- Әлемдік тыңайтқыштарды тұтынудың **10%-ы АҚШ-тың** үлесіне тиеді, оның басым бөлігі дәнді және майлы дақылдар өндірісінде қолданылады.
- Қытай бір гектарға **320 кг**-нан астам тыңайтқышты пайдалана отырып, бір гектарға санағанда оны ең көп тұтынады. **Бразилия 298 кг/га** көрсеткішпен екінші тұтынушы болып табылады.
- Климаттың өзгеруі жағдайында жаһандық тыңайтқыштарды тұтыну **тиімділігі жоғары тыңайтқыштарға** қарай өзгеруде.




Қытай, Үндістан, АҚШ және Бразилияның тыңайтқыштарды тұтынудағы тұтас үлесі



Қытайдағы тыңайтқыштарды бір гектарға тұтыну

Ақпарат көзі: *USDA Foreign Agricultural Services report, 2022*

## ӘЛЕМДІК ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ ТҰТЫНУДАҒЫ ЕЛДЕРДІҢ ҮЛЕСІ (тонна, 2021)



Ақпарат көзі: *FAOSTAT*

# ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ ЭКСПОРТЫ МЕН ИМПОРТЫ

**106,6 млн тонна**

2021 жылғы тыңайтқыштардың әлемдік экспорты.

Қоректік заттар тұрғысынан көлемі бойынша азот әлемдік экспортта басым (43%), одан кейін калий (36%) және фосфор (21%).

**Өзін-өзі қамтамасыз ететін елдер:** Қытай, Ресей және АҚШ өз тұтынуының сәйкесінше 97%, 96% және 84% отандық өндіріспен қамтамасыз етеді.

Бразилияның (әлемдік үшінші тұтынушы) тұтынуының **65%** импортпен жабылады.


## ТОП ЭКСПОРТТАУШЫЛАР (тонна, 2021) / ТОП ИМПОРТТАУШЫЛАР (тонна, 2021)



Ақпарат көзі: FAOSTAT




## ИМПОРТҚА ТӘУЕЛДІЛІК (2021)



Ақпарат көзі: USDA Foreign Agricultural Services report, 2022

## ТОП ЭКСПОРТТАУШЫ ЖӘНЕ ИМПОРТТАУШЫ ЕЛДЕР (тонна, 2021)



Экспорт / Импорт

Ақпарат көзі: FAOSTAT

# БОЛЖАМ: АЙМАҚТЫҚ ӘЛЕУЕТ

- **Азот** әлеуетінің өсуінің драйверлері төмен шығынды аймақтарда шоғырланған: қазір табиғи газ негізіндегі жобалар салынып жатқан **Ресей** және көгілдір аммиак инвестициясының экономикасы салық жеңілдіктері арқылы едәуір жақсарған **АҚШ**.
- **Фосфор** өндірісінің әлеуетінің өсуі қазіргі өндірістік орталықтары бар аймақтарда, атап айтқанда **Африка** мен **Батыс Азияда** жалғасады деп болжануда.
- **Калий** әлеуетінің өсуі, ең алдымен, **Канада** мен **Лаоста** жаңа қатысушылар іске асырып жатқан ұзақ мерзімді жобалардан, сондай-ақ **Ресейдегі** алдағы бес жылда белсенді игерілетін қолданыстағы кендерден күтілуде.


**АЗОТ (N) ӘЛЕУЕТІНІҢ АЙМАҚТЫҚ ӨСУІ**  
(млн тонна, 2022 – 2027)



**ФОСФОР (P) ӘЛЕУЕТІНІҢ АЙМАҚТЫҚ ӨСУІ**  
(млн тонна, 2022 – 2027)



**КАЛИЙ (K) ӘЛЕУЕТІНІҢ АЙМАҚТЫҚ ӨСУІ**  
(млн тонна, 2022 – 2027)



Ақпарат көзі: IFA, *Medium-Term Fertilizer Outlook 2023 – 2027*

Ескерту: ШЕОА – Шығыс Еуропа және Орталық Азия



# БОЛЖАМ: ӘЛЕМДІК ҚУАТ ЖӘНЕ ТҰТЫНУ


Орта мерзімді перспективада тыңайтқыштарды тұтынудың әлемдік өсімі **2023** жылғы **4%**-дан (ішінара қалпына келтіру) **2027** жылы **1,2%**-ға дейін баяулайды деп күтілуде.

**Азот:** Бұл өсімнің негізгі драйвері Балтық теңізіне қарай сауда ағымы жалғасуының нәтижесінде өндіру қуаты қалпына келеді деп күтілетін Ресей болады.

**Фосфор:** Литва арқылы экспортқа кедергілер орта мерзімді перспективада сақталған жағдайда, Беларусьтің нарыққа балама жолдар санын көбейту мүмкіндігіне байланысты.


**Калий:** **Африка** мен **Батыс Азиядағы** жұмыс істеп тұрған өндірушілердің қуаттылығын кеңейтуі, сондай-ақ Қытайдағы өндіру қуаттарының қалпына келуі драйвер болады.

## ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ ТҰТЫНУДЫҢ ӨЗГЕРУІ (N, P, K)




Ақпарат көзі: IFA, *Medium-Term Fertilizer Outlook 2023 – 2027*

## ҚОРЕКТІК ЗАТТАР БОЙЫНША ӨНДІРІС ҚУАТЫНЫҢ БОЛЖАМЫ (млн тонна)




## ҚОРЕКТІК ЗАТТАР БОЙЫНША ТҰТЫНУДЫҢ БОЛЖАМЫ (млн тонна)




# БОЛЖАМ: АЙМАҚ БОЙЫНША ТҰТЫНУ

- **Оңтүстік Азия мен Латын Америкасы** 2024-2027 жылдар аралығындағы **тыңайтқыштарды пайдаланудың әлемдік өсімінің 40%-ын құрайды** деп болжануда. Негізгі үлес қосатын басқа аймақтарға ШЕОА, Африка және Шығыс Азия кіреді.
- 2024 жылдан 2027 жылға дейінгі кезеңде өңірлік тыңайтқыш нарықтарын келесі топтарға бөлуге болады:
  - 1. Драйвер нарықтар:** ең үлкен үлес пен тұрақты өсу қарқынымен (5%-дан 7%-ға дейін) Оңтүстік Азия және Латын Америкасы.
  - 2. Жетілген нарықтар:** әлемдік өсуге орташа үлесі және төмен өсу қарқынымен (2%-дан 4%-ға дейін) Шығыс Азия, Солтүстік Америка және БОЕ. Осы кезеңде тыңайтқыш тұтынуының драйвері Шығыс Азиядағы Қытайдан басқа елдер болады деп күтілуде.
  - 3. Ауа-райына сезімтал нарықтар:** үш жыл ішінде 7% өсетін Океания.
  - 4. Қалпына келіп және өсіп келе жатқан нарықтар:** Африка (+17%) және Батыс Еуропа (+10%).
  - 5. Белгісіз нарық:** ауылшаруашылық өндірісі мен тыңайтқыштарды пайдалану біртіндеп қалпына келеді деген болжам негізінде 13%-ға өсетін ШЕОА.

2024-2027 ЖЖ. АЙМАҚ БОЙЫНША ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ ТҰТЫНУДЫҢ ӨСУІ



ҚОРЕКТІК ЗАТТАР БОЙЫНША ТҰТЫНУ ӨСІМІНЕ АЙМАҚТЫҚ ҮЛЕС



Ақпарат көзі: IFA, *Medium-Term Fertilizer Outlook 2023 – 2027*

Ескертпе: ШЕОА – Шығыс Еуропа және Орталық Азия, БОЕ – Батыс және Орталық Еуропа

# ТЫҢДАЙТҚЫШТАР: ҚАЗАҚСТАН НАРЫҒЫНА ШОЛУ




# ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ СУБСИДИЯЛАР

## ТҰТЫНУ ТРЕНДТЕРІ МЕН ЖОСПАРЛАР


- Қазақстанда тыңайтқыш тұтыну айтарлықтай артып, 2021 жылы **313 мың тоннаға** жетті. Дегенмен, кг/га негізінде тыңайтқышты тұтыну басқа елдермен салыстырғанда төмен болып қалуда.
- Ауыл шаруашылығы саласына Қазақстанда өндірілмейтін тыңайтқыштар, мысалы, несепнәр (карбамид), аммоний сульфаты, кешенді (азот-фосфор-калий) тыңайтқыштары, сұйық және микротыңайтқыштар қажет.
- Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында өндіріске «жасыл» технологияларды енгізу, органикалық тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғаудың биологиялық әдістерін қолдану арқылы органикалық егіншілікке көшу көзделген.



Тыңайтқыштарды тұтытудағы отандық өнімнің үлесі



Ағымдағы тұтынудың қажетті нормадағы үлесі (органикалық тыңайтқыштар үшін 1,2%)




2030 жылға қарай қажетті нормадағы тұтынудың жоспарлы үлесі




2023 жылы тыңайтқыштарды субсидиялау

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есеп

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ ТҰТЫНУ (мың тонна)



## КГ/ГА НЕГІЗІНДЕ ТЫҢАЙТҚЫШТЫ ТҰТЫНУ (кг/га)




# БІР ГЕКТАР НЕГІЗІНДЕ ТЫҢАЙТҚЫШТЫ ТҰТЫНУ

## КЕЙБІР ЕЛДЕРДІҢ БІР ГЕКТАРҒА ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ ТҰТЫНУЫН САЛЫСТЫРУ



Ақпарат көзі: [FAOSTAT](#)

## ЕЛДЕРДІҢ БІР ГЕКТАРҒА ТЫҢАЙТҚЫШ ТҰТЫНУЫ (кг/га)



Ақпарат көзі: [Fertilizers - Our World in Data](#)

# ӨНДІРІС ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР


- «Қазфосфат» пен «ҚазАзот» (2021 жылы 380 711 тонна) – республикадағы тыңайтқыштардың негізгі өндірушілері, олардың жиынтық үлесі **96%** құрайды
- Қазақстанда бірнеше инвестициялық жоба жүзеге асырылуда, бұл өз кезегінде еліміздегі тыңайтқыш өндірісін арттыруы тиіс.

Ақпарат көзі: [www.gov.kz](http://www.gov.kz), [KazAzot](http://KazAzot)


## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТЫҢАЙТҚЫШ ӨНДІРІСІ

(МЫҢ ТОННА)

■ Азот  
■ Фосфор



Ақпарат көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы



1 Казфосфат


2 КазАзот

#	Инвестициялық жоба	Инвестор елі	Аймақ	Құны, млн тг
A.	Тыңайтқыштар өндірісі	Ресей (Eurochem)	Жамбыл облысы	500 000
B.	Сатимол және Шалқар кен орындарында калий тыңайтқыштары зауытын салу	Қазақстан	Батыс Қазақстан облысы	436 034
C.	Органикалық тыңайтқыштар өндіру жөніндегі интеграцияланған зауыты бар қуаты 5 МВт/сағ биогаз зауыты	Қазақстан	Ақмола облысы	22 500
D.	Көмірден органикалық тыңайтқыштар өндіру бойынша құрылыс	Ұлыбритания	Ақтөбе облысы	16 344
E.	Минералды тыңайтқыштар өндіру зауытын салу	Қазақстан	Жамбыл облысы	12 450
F.	Түйіршікті тыңайтқыштар зауытының құрылысы	Қазақстан	Абай облысы	6 275
G.	Минералды, органикалық-минералды тыңайтқыштар өндіру	Қазақстан	Шымкент қ.	500


Ақпарат көзі: [Kazakh Invest](http://Kazakh Invest)

# САУДА БАЛАНСЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ


- Доллармен есептегенде 2019 жылдан бастап Қазақстанда минералды тыңайтқыштардың сауда тапшылығы болды. 2022 жылы сауда тапшылығы өз максимумына, шамамен **60 млн АҚШ долларына** жетті.
- Қазақстан негізінен **аралас тыңайтқыштарды экспорттайды** және азот тыңайтқыштарын импорттайды.
- Қазақстан да бірнеше жылдар бойы калий тыңайтқыштарын экспорттап келеді, бірақ фосфатты тыңайтқыштардың экспорты осы уақытқа дейін елеусіз шамада ғана қалуда.



2022 жылғы Қазақстан экспорттындағы аралас тыңайтқыштардың үлесі




2022 жылғы Қазақстан импорттындағы азот тыңайтқыштарының үлесі



2022 жылғы минералды тыңайтқыштар бойынша сауда тапшылығы

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МИНЕРАЛДЫ ТЫҢАЙТҚЫШТАРЫНЫҢ САУДАСЫ (млн АҚШ долл.)



Ақпарат көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы

# ПЕСТИЦИДТЕР: ӘЛЕМДІК НАРЫҚҚА ШОЛУ





# ӘЛЕМДІК ЭКСПОРТТАУШЫЛАР МЕН ИМПОРТТАУШЫЛАР

- Пестицидтердің жалпы экспорты 2021 жылы **7,1 млн тоннаға** жетіп, **43,2 миллиард АҚШ долларын** құрады.
- 2021 жылы пестицидтер экспортының ең жоғары деңгейі Азияда болды: **3,7 млн тонна** өнім экспорты **17,3 миллиард АҚШ долларын** құрады.
- 2010-2021 жылдар аралығында пестицидтер экспортының көлемі 66%-ға, ал құны 91%-ға өсті.
- Солтүстік және Оңтүстік Америка** 2021 жылы пестицидтердің ең көп көлемін импорттады: көлеммен есептегенде **2,1 млн тонна**, бұл 7,6 миллиард АҚШ долларына сәйкес келеді.


## ПЕСТИЦИДТЕРДІҢ ӘЛЕМДІК ЭКСПОРТЫ



Ақпарат көзі: FAOSTAT

## АЙМАҚ БОЙЫНША ЭКСПОРТ


(тонна, 2021)



Ақпарат көзі: FAOSTAT

## АЙМАҚ БОЙЫНША ИМПОРТ

(тонна, 2021)



Ескертпе: Солтүстік және Оңтүстік Америка

**Ескерту:** Ауылшаруашылық емес мақсатта пайдалану, сақтау мерзімі мен потенциалын арттыру үшін көмекші заттарды пайдалану және импорттық пестицидтерді сақтау саудадағы пестицидтердің көлемі мен **ауыл шаруашылығында қолданылуы арасындағы айырмашылыққа ықпал етеді.**

## ТОП-ЭКСПОРТТАУШЫЛАР

(тонна, 2021)



Қазақстан (№73)

Ақпарат көзі: FAOSTAT

## ТОП-ИМПОРТТАУШЫЛАР

(тонна, 2021)



Қазақстан (№58)

# АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ПЕСТИЦИДТЕРДІ ТҰТЫНУ

**3,5**  
млн т

2021 жылы ауыл шаруашылығында пестицидтердің жалпы әлемдік тұтынуы


**49%**

Әлемдік пестицидтерді тұтытудағы гербицидтердің үлесі

**22%**

Әлемдік пестицидтерді тұтытудағы фунгицидтер мен инсектицидтердің үлесі

## ӘЛЕМДЕГІ ПЕСТИЦИДТЕРДІ ТҰТЫНУДЫҢ ЖАРТЫСЫ АМЕРИКАДА ШОҒЫРЛАНҒАН




## ПЕСТИЦИДТЕРДІҢ ТҮРІ БОЙЫНША ӘЛЕМДІК ТҰТЫНУ

(млн тонна)



## ПЕСТИЦИДТЕРДІ АЙМАҚ БОЙЫНША ТҰТЫНУ


(млн тонна)



Ақпарат көзі: FAOSTAT

# ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША ПЕСТИЦИДТЕРДІ ТҰТЫНУ

- **Оңтүстік Америка** – аймақтар арасындағы пестицидтердің ең ірі тұтынушысы. Онда 2021 жылы ауыл шаруашылығында пестицидтерді қолдану, гербицидтердің 64% басым үлесімен, **1,1 млн тоннаны** құрады.
- Екінші ірі тұтынушы **Азия** 2021 жылы ауыл шаруашылығында **0,9 млн тонна** пестицид пайдаланды, тұтытудағы ең үлкен үлес инсектицидтерде (37%).
- **Солтүстік Америка** мен **Еуропа** инсектицидтерді қолданудың ең төмен көрсеткіштеріне ие (14-15%), бұл қатаң саясатқа байланысты.
- **Африка** 2021 жылы әлемдік тұтынудың **6%** үлесімен аз мөлшерде пестицидтерді пайдаланды. Африканың пестицид импортының басым бөлігі аймақтан тыс елдерден келеді, ал экспортталған пестицидтердің көпшілігі аймақта қалады.




Ақпарат көзі: FAOSTAT


Ақпарат көзі: *Pesticides use and trade 1990–2021 (fao.org)*

# ЕЛДЕР БОЙЫНША ПЕСТИЦИДТЕРДІ ТҰТЫНУ


- 2021 жылы **Бразилия** ауылшаруашылық қажеттіліктері үшін **720 мың тонна** пестицид қолданып, оның әлемдегі ең үлкен тұтынушысы болды. Бұл әлемдегі екінші тұтынушы, **АҚШ-тан** (457 мың тонна), 60%-ға жоғары деп саналады.
- Келесі үш ірі тұтынушы **Индонезия** (283 мың тонна), **Қытай** (245 мың тонна), **Аргентина** (242 мың тонна) – бірдей тұтыну көлемімен.



Гербицидтерді ең көп тұтынатын 3 елдің үлесі: Бразилия, АҚШ және Аргентина



Бразилия фунгицидтер мен бактерицидтерді тұтыну бойынша әлемде көш бастап тұр



Инсектицидтерді тұтынушылардың үштігінің үлесі: Индонезия, Бразилия және АҚШ

Ақпарат көзі: FAOSTAT

## ЖАЛПЫ ТҰТЫНУ

3.5 млн т



## ГЕРБИЦИДТЕР

1.7 млн т



## ФУНГИЦИД/БАКТЕРИЦИДТЕР

0.8 млн т



## ИНСЕКТИЦИДТЕР

0.8 млн т




# ПЕСТИЦИДТЕР: ҚАЗАҚСТАН НАРЫҒЫНА ШОЛУ



# ПЕСТИЦИДТЕРДІ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ СУБСИДИЯЛАР

- Қазақстанда пестицидтерді тұтыну соңғы жылдары өсіп, 2021 жылы **18,3 мың тоннаға** жеткен.
- Қазақстан бірінші кезекте **гербицидтерді**, одан кейін фунгицидтерді, бактерицидтерді және инсектицидтерді тұтынады.



Қазақстандағы пестицидтерді гербицидтердің үлесі жалпы тұтытудағы




2010 жылдан 2021 жылға дейін Қазақстанда пестицидтерді тұтынудың өсуі




2023 жылы пестицидтерге субсидиялар

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПЕСТИЦИДТЕРДІ ТҰТЫНУ  
(мың тонна)



ПЕСТИЦИДТЕРДІ ТҮРІ БОЙЫНША ТҰТЫНУ  
(тонна, 2021)




■ Гербицидтер ■ Фунгицидтер ■ Инсектицидтер ■ Басқа

Ақпарат көзі: FAOSTAT

Ақпарат көзі: Жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есеп

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ САУДА БАЛАНСЫ


- Қазақстан нақты түрде де, доллармен де пестицидтердің **таза импорттаушысы** болып есептеледі.
- 2022 жылы пестицидтердің сауда тапшылығы шамамен **32 млн долларды** құрады.
- Қазақстан негізінен Қырғызстан мен Ресейге экспорттаса, импортты Ресей, Қытай, Германия және Франциядан жасайды.



Қазақстан импортындағы Ресейдің үлесі (2022 ж.)




2018 жылдан бастап Қазақстанның пестицидтер экспортының нақты мәнде төмендеуі




Әлемдік экспортындағы үлесі (2021 ж.)


пестицидтер Қазақстанның



### ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКСПОРТЫ (2022)



### ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИМПОРТЫ (2022)



Ақпарат көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы

# 1 ҚОСЫМША. ЭКОНОМИКАЛЫҚ КҮРДЕЛІЛІК ИНДЕКСІ





# ГАРВАРД ӨСУ ЛАБОРАТОРИЯСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КҮРДЕЛІЛІК ИНДЕКСІ

1

## RCA (Салыстырмалы артықшылық)

елдегі/аймақтағы өнімнің салыстырмалы көптігін көрсететін және әдетте елдің/аймақтың экспорттық қоржындағы өнімнің үлесі мен әлемдік саудадағы өнімнің үлесі арасындағы қатынас ретінде есептелетін орын-өнім көрсеткіші

### RCA $\geq 1$

макроөңір өнім бойынша әлемдік бәсекеге қабілетті, оның экспорттық қоржынның орташа елге қарағанда пропорционалды немесе жоғары үлесін құрайды



### Қарқынды топ

болашақта кеңейтілуі мүмкін бәсекеге қабілетті экспорт бар

### RCA $< 1$

макроөңір өз өнімдерінің бір бөлігін экспорттай алғанымен, ол әлемдік деңгейде әлі бәсекеге қабілетті емес және макроөңірдің жалпы экспортындағы үлесі бойынша орташа елге қарағанда оның аз бөлігін экспорттайды



### Кең топ

нарыққа шығарылуы мүмкін жаңа немесе дамып келе жатқан өнімдер



2

Әрбір топтағы өнімдер келесі параметрлер бойынша бағаланады: қабілеттілік және тартымдылық

### Тартымдылық факторлары :

- Өнімнің күрделілік индексі (PCI)
- Тауар шоктарына төзімділік
- Жалпы атаулы нарықтардың көлемі
- Күрделілік болжамының артуы (COG) (тек кең топ үшін)

### Қабілеттілік факторлары:

- Қашықтыққа төзімділік
- Ағымдағы бар болуы (тек кең топ үшін)
- Тығыздық, яғни бар экспортқа байланыс (тек кең топ үшін)

Факторлық мәндер стандартты z-көрсеткішінің нормалануы арқылы қалыпқа келтіріледі. Әрбір фактор үшін түпкілікті өнім ұпайлары орташа 0 ұпаймен қалыпты үлестірімді сақтайды.



3

**Өнімнің жалпы рейтингі** тартымдылық пен тауарлық қабілеттілік рейтингтерінің қосындысы (бірдей салмақ) ретінде есептеледі.


Ақпарат көзі: Экономикалық күрделілік туралы есеп: Қазақстандағы тұрақты және инклюзивті өсу. Гарвард өсу зертханасы, 2022 ж.

# ЭКОНОМИКАЛЫҚ КҮРДЕЛІЛІК ИНДЕКСІНІҢ ЕСЕП НӘТИЖЕЛЕРІ


## АРАЛАС ТЫҢАЙТҚЫШТАР (HS 3105)

(Қарқынды топ)

0,310



## ӘЛЕМДІК ЕҢ ІРІ ЭКСПОРТТАУШЫЛАР, 2021



**Қазақстанның үлесі: 0,46%**

Ақпарат көзі: Industry Targeting Dashboard, Atlas of Economic Complexity

### HS кодтары:

- 310510 Брутто салмағы 10 кг-нан аспайтын таблеткаларда және басқа да ұқсас нысандарда ұсынылған тауарлар
- 310520 Құрамында үш қоректік элемент – азот, фосфор және калий бар минералды немесе химиялық тыңайтқыштар
- 310530 Диаммоний сутегі фосфаты (диаммоний фосфаты)
- 310540 Аммоний сутегі фосфаты (моноаммоний фосфаты) және оның қоспалары аммоний сутегі фосфаты (диаммоний фосфаты)
- 310551 Құрамында нитраттар мен фосфаттар бар тыңайтқыштар
- 310559 Құрамында екі қоректік элементі бар басқа минералды немесе химиялық тыңайтқыштар: азот және фосфор**
- 310560 Құрамында екі қоректік элементі бар минералды немесе химиялық тыңайтқыштар – фосфор және калий
- 310590 Басқа минералды немесе химиялық тыңайтқыштар

Ескертпе: қалың шрифт = Қазақстан экспортындағы ең жоғары үлес


# ЭКОНОМИКАЛЫҚ КҮРДЕЛІЛІК ИНДЕКСІНІҢ ЕСЕП НӘТИЖЕЛЕРІ

## АЗОТТЫ ТЫҢАЙТҚЫШТАР (HS 3102)

(Кең топ)

1,296

Тартымдылық факторлары (50%)	Қабілеттілік факторлары (50%)
------------------------------	-------------------------------



### HS кодтары:

310210 Несепнәр

310221 Аммоний сульфаты

**310230 Аммоний нитраты**

310240 Аммоний нитраты мен кальций карбонатының қоспалары

310250 Натрий нитраты


310260 Кальций нитраты мен оның тұздары мен аммоний қоспалары

310280 Карбамид пен аммоний нитраты қоспалары

310290 Басқа

Ескертпе: қалың шрифт = Қазақстан экспортындағы ең жоғары үлес

## ӘЛЕМДІК ЕҢ ІРІ ЭКСПОРТТАУШЫЛАР, 2021



**Қазақстанның үлесі: 0,12%**

Ақпарат көзі: Industry Targeting Dashboard, Atlas of Economic Complexity

# ЭКОНОМИКАЛЫҚ КҮРДЕЛІЛІК ИНДЕКСІНІҢ ЕСЕП НӘТИЖЕЛЕРІ


## ПЕСТИЦИДТЕР (HS 3808)

(Қарқынды топ)

0,288

Тартымдылық факторлары (75%)

Қабілеттілік факторлары(25%)



HS кодтары:

**380891 Инсектицидтер**

380892 Фунгицидтер


**380893 Гербицидтер**

**380894 Дезинфекциялау заттар**

380899 Родентицидтер

Ескертпе: қалың шрифт = Қазақстан экспортындағы ең жоғары үлес

## ӘЛЕМДІК ЕҢ ІРІ ЭКСПОРТТАУШЫЛАР, 2021



Қазақстанның үлесі: 0,03%

Ақпарат көзі: Industry Targeting Dashboard, Atlas of Economic Complexity

**2 ҚОСЫМША.**

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКСПОРТТАУШЫЛАРЫ**



# ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТЫҢАЙТҚЫШ ЭКСПОРТТАУШЫЛАРЫ

#	КОМПАНИЯ ӨЛШЕМІ	КОМПАНИЯ АТАУЫ	АЙМАҚ	ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ ЭКСПОРТТАУ			
				АЗОТ (HS 3102)	ФОСФОР (HS 3103)	КАЛИЙ (HS 3104)	АРАЛАС (HS 3105)
1	I	«КАЗАЗОТ» АҚ	Манғыстау обл.	✓			
2	I	«TALAS INVESTMENT COMPANY» ЖШС	Жамбыл обл.	✓			
3	O	«ПРОМВЗРЫВ» ЖШС	Алматы	✓			
4	K	«БАҒАШАР МЕКЕН» ЖШС	Алматы	✓			
5	K	«КОСАГРОКОММЕРЦ» ЖШС	Алматы обл.	✓			✓
6	K	«SWISSGROW» ЖШС	Астана	✓	✓	✓	✓
7	K	«НАТУРАЛ ПЛАСТ» ЖШС	Жамбыл обл.	✓			
8	K	«CEMEX ENGINEERING» ЖШС	Алматы	✓			
9	K	«AGROMINERALSTRADING» ЖШС	Алматы	✓			
10	K	«KAZ PARTS GROUP» ЖШС	Шымкент	✓			
11	K	«НИТРОТЕХ» ЖШС	Қарағанды обл.	✓			
12	K	«BRAVO COMMODITIES» ЖШС	Астана	✓			
13	K	«РАССВЕТ-В.Р.» ЖШС	Қарағанды обл.	✓			
14	K	«MINERAL-AGRO» ЖШС	Солтүстік Қазақстан обл.	✓			
15	K	«ЗАВОД СУХИХ ПЕНОБЕТОННЫХ СМЕСЕЙ» ЖШС	Солтүстік Қазақстан обл.	✓			✓
16	K	«ФЛЕКСОЛ» ЖШС	Солтүстік Қазақстан обл.	✓			
17	K	«ФОСАГРОСТАНДАРТ» ЖШС	Солтүстік Қазақстан обл.	✓			
18	I	«ЕВРОХИМ-КАРТАУ» ЖШС	Алматы		✓		
19	I	«КАЗФОСФАТ» ЖШС	Алматы		✓		✓
20	K	«ТЕМИР-СЕРВИС» ЖШС	Ақтөбе обл.		✓		
21	O	«SUMMIT ATOM RARE EARTH COMPANY» ЖШС	Ақмола обл.				✓
22	K	«KAZAGROCEN» ЖШС	Алматы обл.				✓
23	K	«НПО «АНА ЖЕР» ЖШС	Алматы				✓
24	K	«ECOSAVE» ЖШС	Ақмола обл.				✓
25	K	«АГРОПЕРСПЕКТИВА» ЖШС	Ақмола обл.				✓

Ақпарат көзі: *Қазақстан Даму Банкі*

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ ПЕСТИЦИД ЭКСПОРТТАУШЫЛАРЫ

	КОМПАНИЯ ӨЛШЕМІ	КОМПАНИЯ АТАУЫ	АЙМАҚ	ЭКСПОРТ			
				ИНСЕКТИЦИД (НС 380891)	ФУНГИЦИД (НС 380892)	ГЕРБИЦИД (НС 380893)	ДЕЗИНФЕКЦ. ЗАТТАР (НС 380894)
1	О	«АСТАНА-НАН» ЖШС	Ақмола обл.	✓	✓	✓	
2	К	«ЩЕЛКОВО АГРОХИМ-KZ» ЖШС	Астана	✓	✓	✓	
3	К	«КОСАГРОКОММЕРЦ» ЖШС	Алматы обл.			✓	
4	К	«ХИМ-ПЛЮС» ЖШС	Жамбыл обл.			✓	
5	К	«COAL RESOURCE» ЖШС	Павлодар обл.			✓	
6	К	«Аспан» ЖШС	Павлодар обл.			✓	
7	І	«КЕНТАВР» ЖШС	Ақтөбе обл.				✓
8	І	«РАДУГА» ЖШС	Солтүстік Қазақстан обл.				✓
9	І	«Каустик» АҚ	Павлодар обл.				✓
10	О	«DOSFARM» ЖШС	Алматы				✓
11	К	«ЗАВОД ДЕЗИНФИЦИРУЮЩИХ СРЕДСТВ ИМ. ЕФРЕМОВА» ЖШС	Солтүстік Қазақстан обл.				✓
12	К	«ТОРГОВЫЙ ДОМ «БО-НА» ЖШС	Павлодар обл.				✓
13	К	«ГРОСФАРМ» ЖШС	Қарағанды обл.				✓
11	К	«ECO PLUS KZ» ЖШС	Алматы				✓
15	К	«FORAS TRADING» ЖШС	Алматы				✓

Ескерту: Жоғарыдағы кестеде тек кейбір компаниялар туралы ақпарат бар. Жалпы 50-ден астам шағын кәсіпорындар дезинфекциялық құралдарды экспорттайды.

Ақпарат көзі: Қазақстан Даму Банкі

## ШОЛУ АВТОРЛАРЫ

### АХҚО Әкімшілігі

Данияр Келбетов

Өнімдерді дамыту жөніндегі басқарушы директоры –  
Басқарма мүшесі

Әсет Оңласов

Салалық талдау департаментінің директоры

Маншук Мухамеджанова

Салалық талдау департаментінің аға менеджері

## КОНТАКТЫ

АХҚО сайты: [www.aifc.kz](http://www.aifc.kz)

Сұраулар үшін: [Industry\\_Analysis@aifc.kz](mailto:Industry_Analysis@aifc.kz)

